

**Теректі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 10-3 "Теректі ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 ақпандағы № 18-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 ақпанда № 3431 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 9-2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 23.12.2016 № 9-2 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастар туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Теректі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 10-3 "Теректі ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3281 тіркелген, 2013 жылдың 17 мамырдағы "Теректі жаңалығы-Теректинская новь" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Теректі ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасының 5 тармағындағы "азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;" деген сөздер "азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі немесе мекенжай анықтамасы, немесе өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК